

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау және медициналық ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 19 қаңтардағы N 93 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 22 қазанда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасы Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау және медициналық ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар саласындағы ынтымақтастығы туралы Келісім \***

*\*(Шарт 2000 жылғы 15 шілдеде күшіне енді - Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2004 ж., N 5, 25-құжат)*

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі мұнан әрі тараптар деп аталып, мемлекеттердің егемендігін құрметтеп, медицина және денсаулық сақтау саласындағы дәстүрлі байланыстарды қолдау және дамытуға ұмтылуды ескере отырып,

тараптардың ұзақ мерзімдік және тұрақты негізінде өзара тиімді тең дәрежедегі ынтымақтастығын ескере отырып, төмендегіше келісті:

**1-бап**

Тараптар денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін одан әрі дамыту мақсатында денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласында өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал етеді.

**2-бап**

Тараптар денсаулық сақтау және медицина ғылымының келесі салалары бойынша өзара тиімді ынтымақтастықты дамытатын болады; ересектер мен балаларға алғашқы және мамандырылған арнайы медициналық көмек к ө р с е т у ;

профилактикалық медицина және оңалту;  
фармацевтік және медициналық техника, оның ішінде өндіріс саласы;  
ғылыми және медициналық кадрларды даярлау;  
ғылыми талдауларды бірлесіп жүргізу;  
денсаулық сақтау саласында ақпаратты компьютерлік жүйені жасау және игеру;  
медициналық статистика;  
төтенше жағдайларда медициналық-санитарлық зардаптарды ескерту және жою;  
жедел ақпараттар алмасу, симпозиумдар ұйымдастыру, монографиялар мен мақалалар жариялау.

### **3-бап**

Осы Келісімнің жүзеге асуы үшін жауапты болып табылады:  
Қазақстан Республикасында - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері  
ж ө н і н д е г і а г е н т т і г і

Әзербайжан Республикасында - Әзербайжан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі.

### **4-бап**

Тараптар жоғары және орта арнаулы оқу орындары берген дипломдарды бірдей таниды.

### **5-бап**

Тараптар Денсаулық сақтау органдары мен кәсіпорындары арасындағы тікелей байланысты ұйымдастыруға, бірлескен конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар өткізуге екі жақты көмек көрсетеді.

### **6-бап**

Тараптар өзара қарым-қатынастарды ұлттық заңдылықтарға сәйкес, жасалған келісімдер, шарттар мен бітімдер негізінде құратын болады.

Жекелеген келісімдер мен шарттардың орындалуына жауапкершілікті тараптардың тиісті ұйымдары мойындарына алады.

### **7-бап**

Тараптар емдеу-кеңес беру ғылыми және емдеу-профилактикалық, ғылыми-зерттеулер барысындағы қарым-қатынастың басқа да түрлеріне тараптар мемлекеттерінің министрліктері мен ведомстволарының қарауына енетін басқа да денсаулық сақтау мекемелерімен ынтымақтастықта ықпал ететін болады.

### **8-бап**

Тараптар екіжақты ынтымақтастық келісімді шарттық негізде мамандырылған медициналық орталықтарда кеңес беру емдеу және оңалту үшін өзара аурулар қабылдауды, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуді, медициналық, оқытушы және ғылыми кадрларды даярлауды, мамандар мен медициналық-техникалық ақпараттар алмасуды, диагноз қою және емдеудің жаңа әдістерін қолдану бойынша әдістемелік материалдар қамтамасыз ету жолымен жүзеге асыруға келісті.

## **9-бап**

Тараптар коммерциялық негізде шарттық баға немесе қолданылып жүрген баға көрсетілген тізім бойынша есеп айырысу арқылы кеңес беруге, зерттеулер жүргізуге және азаматтарды емдеуге немесе адам өміріне қауіп төнген жағдайдан басқа сәттерде де және жедел әрі кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсетуге келісті.

## **10-бап**

Тараптар төтенше жағдайларда тегін медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

## **11-бап**

Тараптар ынтымақтасушы ұйымдар мен мекемелер арасында медициналық қызмет көрсету жөнінде шарттар мен келісімдер жасасу кезінде тараптар мемлекеттерінің заңдылықтарында белгіленгеннен басқа шектеулер енгізбеуге келісті.

## **12-бап**

Тараптар бір-біріне съездер, конференциялар және осы тәріздес шаралар өткізу туралы ақпараттар беретін болады. Сонымен бірге өз мемлекеттерінің ғылыми, медициналық қоғамдарының және басқа да ұйымдардың өтініші бойынша осы шараларға қызметкерлердің қатысуына ықпал етеді.

## **13-бап**

Тараптар жоғары және орта арнаулы оқу орындарының жоспарлары мен бағдарламалары бойынша бірлескен жұмыстар жүргізетін болады, олардың арасында тікелей шығармашылық байланыс орнатады, сонымен бірге коммерциялық негізде студенттер мен түлектер алмасады.

## **14-бап**

Тараптар медициналық техникалар, дәрі-дәрмектер өндірісі саласындағы ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға оның ішінде қажетті медициналық маңызы бар бұйымдар өндірісі бойынша бірлескен кәсіпорындар құру жолымен ықпал ететін болады.

## **15-бап**

Осы Келісімнің ережелерінің қолданылуына байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер тараптар арасында келісімдер мен кеңестер өткізу жолымен шешіледі.

## **16-бап**

Тараптар осы келісімнің ережелерін жүзеге асыру мақсатымен қажетіне қарай бірлескен комиссия құрады.

## **17-бап**

Тараптар өзара келісім бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізе алады, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті хаттамалармен реттеледі.

## **18-бап**

Осы келісім тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік істерді орындағандығы туралы жазбаша соңғы мағлұмат берген күннен бастап күшіне енеді, әрі бес жыл бойы қолданылатын болады және егер тараптардың бірі кезекті мерзім біткенге дейінгі кемінде алты ай мерзім ішінде екінші тарапқа келісімнің күшін тоқтату туралы өз тілегін жазбаша түрде хабардар етпесе келісім мерзімі келесі бес жылдық кезеңге автоматты түрде ұзартылады.

Келісім Астана қаласында 1999 жылғы 22 қазанда әрқайсысы қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде екі данадан жасалды, барлық мәтіннің күші бірдей.

Келісуші тараптардың арасында осы Келісімнің мәтінін түсінуде алшақтық туындаса, орыс тіліндегі мәтіннің басымдық күші болады.

*Қазақстан Республикасының*                      *Әзербайжан Республикасының*  
*Үкіметі үшін*                                      *Үкіметі үшін*